




«Бекітілді»
Теректі ауданының БЖСМ
директоры
А.М.Ибраев



«Келісілді»
Теректі ауданының БЖТЖЭО-ның
директоры
Ж.С.Мухамбетов



«Келісілді»
Теректі ауданының спорт
клубының директоры м.а
Д.К.Мурзағалиев

Ғимаратшілік спорттық бағдарлаудан жасөспірімдер және ардагер спортшылар арасындағы Теректі ауданының ашық турнирінің ЕРЕЖЕСІ

I. Мақсаты

Спорттық бағдарлауды насихаттау, бұқара халықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту, жаттықтырушылар мен спортшылардың біліктілігін арттыру, қатысушылар арасынан үздік спортшыларды анықтау мақсатында өткізіледі.

II. Жарысты өткізу орны және уақыты

Жарыс 2024 жылдың 27 наурыз күні Теректі ауданы, Подстепный ауылында өтеді. Қатысушылардың келу уақыты 27 наурыз дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне сағат 10.00 – ге дейін.

III. Жарысқа қатысушылар

Жарысқа Батыс Қазақстан облысындағы барлық мектеп оқушылары, ардагер ұстаздары. Қосымша білім беру ұйымдарының үйірмешілері, педагогтары. Облыстық және аудандық балалар – жасөспірімдер спорт мектептерінің оқушылары, жаттықтырушылары. Мекеме қызметкерлері, аудан командалары, Орал қаласының мектептері және ЖОО-ы мен колледж студенттері және оқытушы ұстаздар қатыса алады. Қатысушылардың жас ерекшеліктері:

- MW 10 (2014 ж.т. одан кіші);
- MW 12 (2013 – 2012 ж.т. ұл, қыз);
- MW 14 (2011 – 2010 ж.т. ұл, қыз);
- MW 16 (2009 – 2008 ж.т. ұл, қыз);
- ME, WE (2006 – 1995 ж.т. ер, әйел);
- MW 30 (1994-1985 ж.т ер, әйел)
- MW 40 (1984 ж.т. одан жоғары).

IV. Жарыс шарты

Жарысқа қатысу үшін команда жетекшілері мандаттық комиссияға төмендегіше құжаттарды тапсырып, шарттарды орындауы тиіс:

1. Жеке куәлік көшірмесі.
2. Жіберген мекеменің мөрі және дәрігердің қолы қойылған сұраныс.
3. Жарыс бағдарламасын орындау үшін спорттық киім және жүгіруге арналған (мектептің ішінде) екінші аяқ киімі болуы шарт.

Алдын ала сұраныстарды жібермеген командалар мен спортшылар жарысқа жіберілмейді.

Жалпыкомандалық есепке MW10- MW16 жас ерекшелікері арасындағы үздік болған спортшының ұпайлары алынады.

Қатысушылар саны шектеусіз.

Жарысқа алдын-ала сұраныстарды онлайн түрде *orgeo.ru* сайтына өздігінен тіркейді немесе WhatsApp желісіне 8-707-786-19-98 номеріне жіберу арқылы команда жетекшілері тіркейді, ал сұраныстың түпнұсқасы жарыс болатын күні тапсырылады.

V. Жарыс бағдарламасы

27 наурыз 2024 жыл

10.00–дейін командалардың келуі және тіркелуі.

10.30–11.00 – Ғимаратішілік спорттық бағдарлаудан жасөспірімдер және ардагер спортшылар арасындағы Теректі ауданының ашық турнирінің ашылу салтанаты.

11.30 – 13.00 – СПРИНТ-1 қашықтығы бойынша старттың басталуы.

13.00–14.30 – Түскі ас.

14.30 –16.00 – СПРИНТ-2 қашықтығы бойынша старттың басталуы.

16.00 – 17.00– Ғимаратішілік спорттық бағдарлаудан жасөспірімдер және ардагер спортшылар арасындағы Теректі ауданының ашық турнирінің жабылу салтанаты.

VI. Марапаттау

Әр қашықтық бойынша жас мөлшеріне қарай жеңімпаздар 1 – 3 орын грамоталармен және медальдармен марапатталады.

VII. Қаржыландыру

Жарыстың әрбір кезеңінде қатысушылардың шығындарын, қатысушылардың жарысқа келуі мен тамақтану шығындары іс-сапарға жіберуші мекемеге жүктеледі. Жарыс қашықтығын орындау үшін спортшыларға карта алулары қажет.

Кординаторлар: Бас төреші Мұхамбетов Жасұлан Сапарбекұлы, тел: 8 708 697 03 45,

Қашықтық басшысы Беркинғалиев Фархат Сырымұлы тел: 8 705 410 31 78,

Бас хатшы: Сағыналин Ерлан Русланұлы тел: 8 707 786 19 98

Ұйымдастырушылар жарыс ережесіне өзгеріс енгізуге құқылы!